

«Сейфуллин оқулары-18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации» - 2022.- Т.1, Ч.III. - Б.38-41.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АЛАШ ИДЕЯСЫ (ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ, М.ДУЛАТУЛЫ, А.БАЙТҰРСЫНОВ)

Оразбаева Д.Е., магистр

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақ асылын ардақтап, батырын ұлықтаған халық. Кешегі қиын-қыстау заманда еліміздің бүгінгі жарқын болашағы үшін құрбан болған текті арыстарымыздың еңбегі мен өнегелі мұрасын ұрпақтан ұрпаққа аманат ету бізге парыз.

Демек, бұл мақалада алаш зиялыларының қазақ рухани мәдениетінің даму жолын жаңа арнаға бұрғаны, және олардың ұлттық мәдениетке қосқан үлесі атқарылған қызметі көрсетіліп отыр. XX ғасырда халықтың рухани мәдениеті жаңғырта түскен қазақ зиялыларының үлкен бір тобы пайда болды. Олар рухани мәдениеттің саясатпен, құқықпен байланысты тұстарын ұштай түсті. Ә.Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, т.б, қайраткерлер халықты еркіндікке шақыра отырып, рухани мәдениетті көтеруге білім мен ғылымның маңыздылығын жоғары бағалады. 1917 жылдан кейін кеңестік мәдениет социалистік сипат алып, ұлттық рухани мәдениеттерді идеялогиялық бірізділікке шақырумен ерекшеленеді. Нәтижесінде ұлттық мәдениеттің негізгі мазмұны таптық құрылымдардың шеңберімен, қисынымен шектелді.

Отаршылықты құртуды көксеген, ұлт мерейін көтеруге асығып, арпалысқан «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханов еді. Әлихан Бөкейханов жай ғана бір зиялы топтың көсемі емес, ол Мемлекеттік Думаның депутаты санатында, бүкіл ресейлік мұсылмандар қозғалысында, патшаға қарсы шыққан оппозициялық қозғалыстарда көзге түскен Азия халықтарынан шыққан жаңа типті лидер еді. Ең сауатты, білімді, білікті қайраткер ретінде Мәсөн ложасына алынған ол Азия халықтарының бірден - бір өкілі еді.

Әлихан Бөкейханов дін мен білімді, мемлекет пен дінді айыруды жақтады. Консерваторлық діни шылауға оралып, ұлттық шеңберге шектелген қозғалыстың болашағы жоғын елден бұрын сезінді. Философиялық көзқарасы жағынан да Әлихан Бөкейханов жиырмасыншы ғасырдағы әлемдік алып тұлғалардың қатарынан табылады. Әлихан Бөкейханов - бүгінгі тәуелсіздіктің қайнар бұлағы, 20 ғасырдағы қазақ ұлтының атасы [1].

Қазақстандағы қоғамдық-саяси және мәдени дамуға аянбай ат салысқан, оған жетекшілік еткен белгілі қоғам қайраткерлерінің қызметі мен

өмірінің сан-қырын ашатын деректердің молдығы. Сонымен қатар, аталған тарихи кезеңнің тағы бір сипатты белгісі қазақ және орыс интеллигенциясының өзіндік бір әріптестігі, ғылыми байланыстары қазіргі заман тұрғысынан әділетті түрде бағасын беру арқылы айқындалмақ [2].

Міне, осы жағынан алғанда, орыс мәдениеті зор рухани қуаттың көзі болды. Екінші жағынан, қазақ халқының аса үздік өкілдерінің де Ресей әкімшілік шенеуніктерінің қатарына белсене ене бастағандығы да осы кезеңде еді. Әрине бұның барлығы аса қатал отарлау саясаты жағдайында жүріп жатқан болатын. Еңбір қызықтысы жүргізілген шаралардың нәтижесі патша өкіметінің мақсатынан ауытқып та кетіп жатты. Патша өкіметінің күштеп шоқындыру, орыстандыру, ұлы орыстық шовинизімі жөнінде де айтуға болады. Бұның бәрі әрине көптеген ғылыми зерттеу еңбектерінде айтылды. Ал, мәселенің екінші бір жағы ағарту ісінің, ғылыми зерттеу жұмыстарының, шаруашылықтағы оңды өзгерістердің орын алғандығын жоққа шығаруға болмайды. Орыс ұлттық интеллигенциясымен қоян-қолтық араласа жүріп, қазақтың ұлттық саяси элитасы тәуелсіздік идеясын алға тартып, қазіргі егеменді Қазақстанның болашағын жасаған еді.

XX ғасыр басындағы ұлт көсемі, қоғам және мемлекет қайраткері, халқымыздың өз еркіндігі үшін күрес жолында мәңгі өлмейтін терең із қалдырғын тұлғаның бірі – Әлихан Бөкейханов. Ұлт қайраткері ретінде қалыптасуының екі рухани негізін бөліп көрсетуге болады.

Әлихан Бөкейханов еркіндік пен теңдікті жоғары бағалаған ортада өсті. Оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын-жыраулардың терең ойлы шығармаларының ықпалы өте жоғары болды. Екіншіден, XX ғасыр басында озық ойлы Европа мәдениеті мен дәстүрінің ықпалынсыз Әлихан Бөкейханов сияқты ірі қайраткердің қалыптасуы мүмкін емес. 1917 жылдың жазында Уақытша өкіметтің комиссары қызметінде жүріп жазған мақаласында ол: «Бостандық, теңдік, туысқандық 18-ші ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері.

Осы үш түрдің бәрі біздің тарихтан, інжілден, будда оқуынан, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады, көзі ашық талапты ер іздесе. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады» - деп жазады.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Ә.Бөкейханов зор еңбек сіңірді.

Бұл мақалада Ә. Бөкейханұлының алғашқы еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизкой былине Кобланды» атты мақаласы сарапталған. «Туркестанские ведомости» газетінің бірнеше санында жарияланған. Ә. Бөкейхановтың әйгілі «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі» деп аталған мақаласы [3] белгілі ғалым С. Қасқабасов тарапынан жан-жақты талданып, сол кездегі қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілгенін жеріне жеткізе айтқан [4]. Өзінің мақаласында Ә. Бөкейханов

қазақ тұрмысы мен мәдениетіне ислам ықпалының күшеюін, жырдағы әйелдер бейнесін талдау арқылы дәлелдеуге тырысқан.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ рухани мәдениетінің көсемі. Ұлт ұстазы өмірінің басты мақсаты етіп қазақтың көзін ашуды, ғылым-білімге тартуды қойған еді. Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырдың басында ұлттық жаңғыруды бастап, оны бір арнаға салушы топтың басында тұрды. Ол жоғарыда айтылып кеткендей «Алаш қозғалысы» еді.

Алаш қозғалысы – біріншіден, ұлт азаттық қозғалыс, екіншіден, ұлттық жаңғыру қозғалысы. Өткен ғасырдың 20-жылдарының соңында кеңестік биліктің тұрпайы экономикалық саясаты қазақ қоғамын өте ауыр жағдайда қалдырды. Ауыр алым-салықпен қатар жүрген күштеп ұжымдастыру жаппай отырықшыландыру саясаты үлкен наразылық тудырды.

Ел арасында билікке мойынсұнбай, «далаға» көшіп кету туралы күңкіл сөздер айтылды. Міне, осы қалыптасқан жағдайға орай Ахмет Байтұрсынұлы өз ойын былай білдіреді: «Бұл мәселе мынадай мағынада қойылды. Егер де азамат соғысы туа қалса, сондай-ақ алым-салық күшейе түссе қазақтар өзін-өзі сақтау үшін немесе кімдердің тарапынан болсын жасалған шабуылға тойтарыс беру үшін далаға кетуі тиіс. Осы шара арқылы ұлттың өзін-өзі сақтау мақсаты көзделді, өйткені ақтар да бізге қарсы болды және бола бермек, сол сияқты қызылдарда бізге сенбейді. Бұл тақырыпқа байланысты мен біреумен сөйлесіп, пікір алысқан емеспін, бірақ жоғарыда айтылған тұжырымды толық қолдаймын. Менің идеалым – мүмкін болғанша қазақ халқының мәдени деңгейін көтеру, өйткені білім, мәдениет оның өсіп өркендеуінің кепілі. Қандай билік осы міндетті атқара алса, сол билікке мен ризи болмақпын» [5].

Міне осы ұстанымнан -ақ Ахмет Байтұрсынұлының биік тұлғасын көруге болады. Өз халқына шын жаны ашып өсіп өнуіне үлкен қамқар болған қазақ мәдениетіндегі алып тұлғаның бірі Ахмет Байтұрсынұлы десек артық болмас.

Өйткені, Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері, ғылыми педагогикалық, ағартушылық және ғылыми ұйымдастырушылық қызметі, қайраткерлігі қазақ тілінің, оның терминологиялық қорының дамуының тұтастай бір кезеңін қамтиды. Осы кезеңдегі тілдік тарихи деректерге сүйене отырып, біз, ғылымның озық ойларын, тәжірибесін іс жүзіне асыра аламыз. Ол баст аған сара жолды, дәстүрді сабақтастыру үшін ғалым мұрасын жан жақты зерделесек, оның маңыздылығы болашақта да көрініс табары сөзсіз

Алаштың ұлы даласының төл перзенті - Міржақып Дулатовтың есімі әрбір қазақтың жүрегінде сайрап жатыр. Оның қазақ жұртының ел, ұлт болып қалыптасу жолында қаламымен үн қосқан жазбалары, шығармалары, өлеңдері бүгінгі тәуелсіздік елімізде баға жетпес құндылық. Әділетсіз заманның сұрқай көріністерін, жарлы мен жақыбай жандардың күйбең тіршілігін, бәзбір байшыкештердің қолынан келсе қонышынан басқан тойымсыз әрекетін айшықтаған, әсіресе, өмірін күң мен мұңмен өткізген әйел теңсіздігі тақырыбына тартынбай қалам тербеген “Бақытсыз Жамалының” өзі неге тұрады?

Сондықтан еңбек жолының алғашқы кезеңінің осы қалаулы ісіне арнағаны да, бұл жолда жиған тәжірибесі мен алған әсерлері де мол болуы заңды еді. Ұлттық ағарту ісінің елең-алаңында еңбек еткен бұл кісілердің заманында ұлттық әліппе енді ғана жасалып, соның негізінде ұлттық мектептің негізі қалана бастағаны, ұлт мектептеріне арналған ғылыми алғашқы оқулықтар жазылып, оқу бағдарламалары, оқулық әдістемелік жұмыстың негіздері енді-енді анықтала бастағаны белгілі.

Міржақып Дулатұлы осы игілікті істердің басы-қасында болып, тарихи кезеңді басынан атқарғаны мәлім. Міржақып Дулатұлы бес томдық шығармалар жинағы Міржақып отарлаушы орыс мемлекетінің бұл сұрқия саясатына қарсы шығып «Жұмбақ» деген мысал жазды. Бұл Міржақып Дулатұлының саяси қайраткерлігінің басы ғана еді. 1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі – Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі – Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», үшіншісі – Көзінді аш, оян қазақ Көтер басты

өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті дін нашарлап, хал һараб боп,

Қазағым енді жату жарамасты

-деп «Оян қазақ!» атты Міржақып Дулатұлының қазақ елінің манифесіне айналған публистикалық-лирикалық жинағы. «Оян, қазақты!» ел қазақтары Құрандай жаттады. Міржақыптың атын алты алашқа таратқан – осы «Оян, қазақ!». «Оян, қазақ!» жинағы Қырым, Кавказ, Түркияға дейін тарап кетеді. Түркияның бостандығы үшін күресіп жүрген қайраткерлердің қолдарына түсті. Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтқан, азаттықты аңсаған азаматтардың қатарында болған Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік еді.

Ататүрік 1917-1918 жылдары билікке келгенде досы, профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп, «Оян, қазақ!» кітабын түрік тіліне аудартқан. Осы кітапқа еліктеуден «Оян, түрік!» деген кітап та шыққан. Ал Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы!» Ататүріктің үстелінің үстінде тұратын болған [6]. Демек, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазағы!» тек қазақ даласына ғана танылған емес басқа да шет елдерде оқып білген.

1994 жылы Түркияға шақырумен барып, Ыстамбұл университетінде Міржақыптуралы баяндама оқыдым. Баяндама соңында бір түрік ақсақалы келіп қолыма түрік тіліне аударылған «Оян, қазақ!» кітабын ұстатты. Кітап 1930 жылдары Анкара қаласында шыққан екен. Кітапты осыдан 5 жыл бұрын Астанадағы С.Сейфуллин атындағы мұражай қайта-қайта сұратқан соң сонда тапсырдым [7]. -деп белгілі Міржақып танушы Марат Әбсембетов мәлімдеді.

Алаш азаматтары еңбектер жазып, ғылымды дамытуға күш салды. Зұлмат ашаршылық жылдары қиналып жатқан елге азық-түлік жинап, нақты істің басынан табылған да осы алаш тұлғалары. Алаш ғалымдары зерттеулерін атақ не лауазым алу үшін жазбаған. Бұлардың ерекшелігі – қазақ әдебиеті мен тарихын біріктіре қарастыруында. Қазақ елі үшін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатұлының арақатынастыр – қазақтың үш тектілерінің азаматтықтарының үлгісі.

Бұл достықтың басты тірегі – қазақты сүю, қазаққа қызмет ету, нақтың істің басынан табылу. Бұл үшеуі де – бірінің-бірі көзі тірісінде қадірін білген тұлғалар. Міржақып Дулатұлының тек қазақ халқы емес, сол дәуірдегі барша түркітөктес халықтардың оянуына, ағаруына сіңірген еңбегі зор. Оған дәлел ретінде түрік ағайындардың ақынның кітабын басып шығарғанын да айтсақ жеткілікті.

Сонда ол кітаптың алғы сөзін жазған ағайындар ақын туралы жылы лебіздерін білдіріп, оның саяси қайраткерлегін де атап өтеді. Міржақып тіпті көруге жазбаған түрік ағайындар жазған алғы сөз мынау еді (алғы сөз 74 жылдан соң, Міржақып дүниеден өткен 79 жылдан кейін ғана аударылып беріліп отыр, Міржақып көп томдығының V томына енді).

Алаш ардагерлері армандаған ұлттық азатығымызды алдық. Француздардың данышпаны Густов лебон: «Халықтың көшін тірілерден бұрын аруақтар бастайды», - деген екен. Ендеше, Әлиханнның, Ахметтің, Міржақыптың рухы тірі. Лоар өздеріне туған жұрты алдында тарих жүктеген, тағдыр жіктеген міндеттерін асылзадалықпен атқарып кетті. Мәселен, Міржақыптың: «Атқа мінген азамат! Сендерге ел керек, жұрт керек болса басшылық қылып, алашты аман сақтау қамына кірісіңдер! Намыстан, Алаш! Жігерлен, Алаш! Тас бауыр болма, Алаш!» даген сөздері ешуақытта емкірмек емес.

Ал енді орыс ойшылы Николай Бердяев айтады «... Барлық халықтарға тән бір тоқтаусыз әдет бар, ол – өз пайғамбарларын, ұстаздарын және ұлы адамдарын тепкіге салу. Пайғамбарларға қай кезде де, қай жерде де тас атқан» [8]. Алаш ардагерлері де осындай теперішті бастан кешті. Ахмет Байтұрсыновтың: «Еш нәрсе емес абақтыға жапқаны, Қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған қиын осылардың бәрінен – Өз аулыңның иттері үріп, қапқаны», - деп күйзелетіні, Міржақып Дулатұлының: «Мұндай шағымдар толып жатыр, бірінен-бірі «әдемі», бәрі – өзіміздің Құдай қарғаған «бауырлардың» ісі», - деп таусыла жазатыны – соның салдары. Міне жақынмен де, жатпен де алыса жүріп, елі үшін өмірлерін сарп еткен Алаш ардагерлерінің сол шақтағы сұңғылалықпен айтқан идеялары қазір бірте-бірте жүзеге асып жатыр. Әзірше – өткенге салауат, барға қанағат.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Шеген Ахметов «Қазақ балалар әдебиеті» «Мектеп» баспасы.
- 2 Қазақ әдебиеті газеті 1990 жыл
- 3 Қазақ әдебиеті 11-сынып 2003 жыл
- 4 Ахаң туралы ақиқат «Қазақстан» «Шапағат» 1992 жыл
- 5 Қ.Жарықбаев, С.Қалиев Қазақтың тәлім-тәрбиелік антологиясы Алматы – 2000 ж.
- 6 Ахметтану бастамалары: Оқу-әдістемелік құрал. –Қ.: «Болашақ» баспасы, 2005. – 207 б.
- 7 Байтұрсынов А. Тіл тағлылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер) –А.: «Ана тілі» баспасы, 1992. - 448 Б.

8 - Бердяев, Николай Александрович - Өмүрбаян. Дүниетану.
Афоризмдер